

## Қазақстан Республикасы соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қазандағы № 1058 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 31-бабының 2-тармағына, 34-бабы 1-тармағының 1), 7), 8), 11-1) тармақшаларына, 3-тармағының 2) тармақшасына, 4, 5-тармақтарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

### 1. Судья қызметіне:

#### Астана қаласы бойынша:

мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына Бекетов Марлен Мәлімгерейұлы;

#### Ақтөбе облысы бойынша:

Ақтөбе қалалық сотына Омарова Марал Мырзахметқызы  
тағайындалсын.

### 2. Атқаратын қызметінен:

Қостанай облыстық сотының төрағасы **Смолин Анатолий Сергеевич**  
орнынан түсуіне байланысты;

#### Астана қаласы бойынша:

кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы **Қабиденова Дннара Хәкімқызы**  
басқа жұмысқа ауысуына байланысты;  
қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы **Әлқожаев Қыдырбек Қорғанбекұлы**  
қайтыс болуына байланысты;

#### Алматы қаласы бойынша:

Бостандық ауданы № 2 аудандық сотының судьясы **Сырлыбаев Қанат Қадырұлы**  
тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін судья қызметінен босату қажеттілігі туралы Сот жюриінің шешімі бойынша;

#### Қызылорда облысы бойынша:

мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы **Бекмәмбетов Ғалымжан Бақытұлы**  
тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін судья қызметінен босату қажеттілігі туралы Сот жюриінің шешімі бойынша

босатылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК